Әдебиет – ардың ісі
Үш қоңыр
Бізге 10 жыл
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Тағзым
№52 (519) 25 желтоқсан 2020 жыл

АҚЖАЙЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАРА НАРЫ

«Ақ Жайықтың өнерін өрлеткен ер» атты мәдениет саласының ақтангері, бірегей азамат Мақсот Омарғалиевты еске алу кітабы (Құрастырушы – Оразаева Шолпан Қуанышқалиқызы, Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, редакторы – Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор) басылым көрді. Еңбектің алғашқы бөлімі «Болмысы бөлек, таланты ерек» деп аталып, онда Мақсот Константинұлы туралы мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар мен сұхбаттар берілген. Екінші бөлім «Мәдениеттің жанашыры» аталып, М.Омарғалиевтың әртүрлі басылымдарда және мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары жинақтала ұсынылған. Үшінші бөлім «Есімің мәңгі жүректе» делініп тұлға жайлы естеліктер жинақталған. Еңбектің төртінші бөлімі «Жүректен шыққан жыр-өлең» тұрғысында топталып, арнау өлеңдер, құттықтаулар мен лебіздерге жіктелген. Яғни, жинаққа Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші-музыкант, режиссер Омарғалиев Мақсот Константинұлының (1945-2017 ж.ж.) өмір жолы мен өнері, жүрекжарды сөздері, тұлға туралы жазылған замандастарының ыстық ықыластары мен арнау өлеңдері, естеліктер, фотосуреттер енгізілген. Елін сүйген, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеген, өнерді ұлықтап, ғұмырын мәдениет саласының өркендеуіне арнаған қайраткер, өнер иесі туралы бұл басылым барша оқырман қауымға арналған.

Қарапайымдылық қасиетімен халқына етене жақын жүріп, өнер жолында еңбек етіп, күллі өмірін мәдениет саласына арнаған Мақсот Константинұлы Омарғалиевтың есімі тек облыс көлемінде ғана емес, республика жұртшылығына жоғары білікті, әмбебап маман, кәсіби музыкант, іскер басшы ретінде танымал. Мақсот Константинұлының мәдениет саласына сіңірген адал еңбегі, мағыналы қызметі, үлгі болар азаматтық келбеті мен адамгершілік қасиеті оны биік белестерге көтергені кәміл. Қандай қызметте болмасын ол өзіндік жауапкершілігімен, ұқыптылығымен, тазалығымен, қайраткерлігімен, кішіпейілділігімен, парасаттылығымен әркез ерекшелене білді. Тұлғаның өмір жолы – мақсаттылықтың, шығармашылық ізденістің, кәсіби шеберліктің үлгісі. Ол қазақ өнерін дамытудағы шешілуі тиіс мәселелер мен кемеріне жетуі тиіс мақсаттарды үнемі талқыға салып, ұлттық, елдік мәселелерге бейжай қарамай, халқына рухани қызмет көрсете жүріп, мәдениеттің нағыз майталманына айналған-ды.

Қысқа өмірдерек: Омарғалиев Мақсот Константинұлы 1945 жылы 7 қазанда Ресейдің Волгоград облысында дүниеге келген. Әкесі Рахметолла (Константин) – Ұлы Отан соғысының ардагері, анасы Күлжамал – қарапайым шаруа адамы. Отбасында алты ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Ұлдары - Сахит, Кәрім, Мақсот, қыздары - Ажар, Зауре, Сәуле. Мақсот Константинұлы мектеп бітірген соң, әскер қатарына алынып, 1964-1967 жылдары Германияда азаматтық борышын өтеді. Жас сарбаз Лейпциг қаласында әскери ансамбльдің құрамына алынып, баритон даусымен соғыс пен Отан, партия мен өмір туралы туындыларды еркін шырқай білді. Мақсот Константинұлы 1973 жылы Орал қаласындағы Құрманғазы атындағы музыкалық училищенің әнші-вокалдық факультетін бітіріп, қазіргі Ғ.Құрманғалиев атындағы филармонияда өз мамандығы бойынша әртістік қызметке тағайындалды. Мақпал даусты (баритон) жас әнші 11 жыл бойы облысымыздың музыкалық өнерін дамытуда елді-мекендерді гастрольдік сапарымен аралады. Іскерлік қабілетінің арқасында 1984-1988 жылдары Мақсот Омарғалиев Батыс Қазақстан облыстық халық шығармашылығы және мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру ғылыми-әдістемелік орталығының директоры ретінде тағайындалды. Жаңадан құрылған Халық шығармашылығы орталығының сан салалы жанрдағы қызметін атқаруда үлкен іскерлік басшылық көрсетті. 1988 жылы Мақсот Константинұлы Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның директоры ретінде өзі өскен кәсіби ұжымға оралды. Жас таланты басшының іскерлігі арқасында «Ұшқын», «Думан-концерт», «Жайық толқыны», «Ән қанатында» және «Гүлдерайым» жастар ансамбльдері талантты жастармен толықтырылды. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын насихаттау мақсатында «Орал сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдері құрылды. 1992 жылы М.Омарғалиев облыстық мәдениет басқармасының бастығы ретінде тағайындалды. Оның алғашқы режиссерлық-шығармашылық жұмысы – 1986 жылы «Қош келдің, Наурыз мейрамы!» атты облыс көлемінде өткен тұңғыш тырнақалды қойылымы жоғары бағаға ие болды. «Наурыз – 1986 жыл» театрландырылған көріністің басты режиссері болуы басшының екінші шығармашылық қырын ашты. 1992 жылы Сырым бабаның 250 жылдығына арналған республикалық көлемде өткен «Еңіреген ер Сырым» атты театрландырылған көріністің режиссері болуы – Мақсот Константинұлының облыс көлеміндегі сүбелі шығармашылық жұмысының бірі. Қазақтың халықтық дәстүрлерін жандандыруда жасалған «Ақжайықтың аруы», «Қарттарым – қазынам», республика көлемінде өткен «Сиқырлы қазан» атты жас буындарға арналған конкурстар идеялық мазмұны жағынан тамаша дайрланған бағдарламалар Мақсот Омарғалиевтың тікелей басшылығымен өтті. Мақсот Омарғалиевтың облыстық мәдениет басқармасында жұмыс істеп жүрген жылдары сан саладағы мәдениет жанрлары ошақтарының, соның ішінде облыстық кітапханалар, екі облыстық кәсіби театр және облыстық филармониялардың материалдық-техникалық базалары көркейді. Кадрлардың кәсіби деңгейлері өсті. Облыстың аудандары мен кеңшарларында мәдениет ошақтары салынып, күрделі жөндеуден өткізілді. Одақ көлемінде өткен Мәскеу, Алматы қалаларында II Бүкілодақтық фестивальде Теректі ауданының халықтық хоры, Орда ауданының халық аспаптар оркестрі, Жалпақтал (қазіргі Казталов) ауданының халықтық театры, Тайпақ ауданының (қазіргі Ақжайық ауданы) «Жайық толқыны» фольклорлық ансамблі, Приуралье ауданының (қазіргі Бәйтерек ауданы) «Дария» қазақ халқының фольклорлық ансамблі, Жаңақала ауданының халықтық хоры, «Ақжайық» халықтық жастар хореографиялық ансамбльдері жүлделі орындарға ие болып, биік сахналарда халықтық өнерімізді паш етті. Осының бәрі – М.Константинұлының тынымсыз еңбегінің арқасы. Көпэтносты Орал өңірінде тұратын халықтардың мәдениеті мен өнерін сақтауда да М.Омарғалиев аянбай қызмет етті. Оның тікелей ұйымдастыруымен аймақтық, республикалық Құрманғазы, Дина атында өткізілген естелік конкурстар, Ресей Федерациясымен шекаралас көрші облыстар – Самара, Саратов, Волгоград, Астрахань, Тұзтөбе қалаларында өткен ақындар айтысы, патриоттық әндерге арналған облысаралық конкурстар, балаларға арналған «Балдаурен», жастарға арналған «Дала дарындары» конкурстары екі ел арасындағы достықты нығайтуға үлкен әсерін тигізді. М.Омарғалиевтың облыс мәдениетін басқарудағы өтпелі кезеңде аудан, облыс көлеміндегі мәдениет ошақтары түгелдей сақталып қалды. Жоғарыда аталған Ресей қалаларында өткен «Ресейдегі Қазақстан жылына» байланысты «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан» атты аймақтық, республикалық конкурстар, концерттік бағдарламалар жоғары деңгейде өткізілді. Күні бүгінге дейін Ресей-Қазақстан халықтары арасындағы достық қатынас жалғасып келеді. Үш жылда облыста өткен халықаралық скрипкашы жастар конкурсы шетел және өзіміздің музыканттардың қатысуымен жоғары деңгейде өткізілді. «Студенттік көктем – 2005» атты жастар спорттық театрландырылған көрінісі, Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путин мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Орал қаласында өткен «Достық кездесуі – 2007», Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған «...Зеңбіректің үні өшкенмен , ол күндердің әуезді әуендері ешуақытта ұмытылмайды» атты деректі-әдеби көрінісі, 2007 жылы Астана қаласында Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның құрылғанына 40 жыл толуына орай Конгресс-холлда өткен «Туған елім – алтын бесік тұғырым», «Астанаға тағзым – 2008», 2008 жылы «Ұлыстың ұлы күні, қош келдің!», 2009 жылы «Ананның тілін, Бабамның салтын сақтаған, Қош келдің Наурыз мейрамы!» атты театрландырылған көріністердің сахналық қойылымы М.Омарғалиевтың сценарийлық-режиссерлық құрылымымен өткізілді.

Мақсат Омарғалиев – ұйымдастырушы басшы ғана емес, нағыз шығармашыл адам. Ол – әнші-музыкант, актер, сахналық қойылымдарды қай тілде болса да білікті түрде қоя білетін режиссер. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы шығармашылық адамы. Ол осынау саналы өмірін облысымыздың ұлттық мәдениеті мен әдебиетін, музыка өнерін насихаттап, дамытуға жұмсады. Өнер иесі Мақсот Омарғалиев 2000 жылы «Мәдениет қайраткері» атағын, 2009 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын алды. Кәсіби музыкант, білікті ұйымдастырушы, білімді сценарист, шебер режиссер Мақсот Константинұлы 2008 жылы зейнеткерлік жасқа жетсе де, өнердің қара шаңырағы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияда көркемдік жетекші қызметін атқара жүріп, өмірінің соңына дейін Батыс Қазақстан облысының мәдени іс-шараларының басы-қасында болды. Жаңа ауқымды жобаларды жүзеге асырды, оларды көркемдеп сахналады, танылмаған таланттарды елге танытып, оларды үлкен кәсіби сахналарға тәрбиеледі. Иә, реті тұста қазақтың бірегей дүр жазушысы, қарымды қаламгері Шерхан Мұртазаның: «Ай мен жұлдыз болмаса, Қараңғы түнде адамдар адасар еді. Өнер дүлдүлдері болмаса, Мына күйбең тіршілікте адамдардың көңілін кір басар еді», – дегені бар-ды. Қалай тауып айтқан десеңізші! Мақсот ағамыз да мына қысқа ғұмырда өнер саласының дүлдүлі ретінде төңірегіндегі тұлғалардың көңілі кір шалмасын деп тер төккен екен-ау!

Жайсаң Ақбай, мәдениет саласының ардагері, өлкетанушы: *Мақсот Константинұлы ер-тұрманы салулы, үзеңгісі тағулы, әдейі ерттеліп тұрған арғымақтай өнердегі істерді атқаруда құйғытып ала жөнелетін. Саналы ғұмырында алғашқы қадамын ауыл тұрғындарына рухани қызмет етуден бастап, Ақжайық өңірінің мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне зор үлес қосты. Ол – ақкөңіл, таза ниетті, қимылы шапшаң, ұсақ-түйекті елемейтін, бойындағы күллі күш-жігері мен ақыл-ойын ортақ іске ұтымды жұмсаған қайсар адам.*

Светлана Анищенко, мәдениет ардагері: *Максут Константинович Умаргалиев пользовался заслуженным уважением областного руководства. Ему доверяли и знали, что порученное задание он выполнит блестяще, опираясь на большие творческие коллективы области, будь то праздничный концерт, международный или республиканский конкурс и другие мероприятия. Это был метр культуры. Мы часто вспоминаем Максута Константиновича и будем помнить, пока сами живы и пользуемся наследием, оставленным нам этим замечательным человеком.*

Ақұштап Бақтыгереева, ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері: *Оралда әлі күнге жып-жинақы, өте мәдениетті өтетін сахналық шараларда сол Мақсот қалыптастырған талғам мен тәртіптің ізі бар, оның негізін салған қолтаңбасы сезіліп тұрады. Мақсот – үлкен талғам иесі болатын. Өмірдің бұралаң жолы оны сынға салғанымен, сындырған жоқ. Ұлы мен жарын жоғалтты. Өнер мен өмір сүйген жүрегі шаршағаны рас. Ол бізді Орал әуежайынан талай қарсылаған. Кейде ол жерде де елес береді. Қалай десем де, осы Жайық бойында елес болып, баршамызға тілекші болып жатыр, өйткені ол таныс, туыс, дос-жарандардың жүрегінде қалған бір жарқын бейне, асыл азамат еді.*

Қатимолла Бердіғалиев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, әнші-термеші: *Өмірден өтсе де, көңілден өшпейтін адамдар болады ғой шіркін! Сондай азаматтың бірі – Мәкең, Мақсот Константинұлы Омарғалиев. Мәдениет, өнер десе, Мәкең жанын сала жұмыс істейтін. Басқасын айтпағанда, Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында ауылда мәдениет ошақтары қысқартылып, жаппай жабылып жатқан кезде соларды қорғап қалуға, яғни, жаптырмауға барынша атсалысты. Автоклуб машиналары ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатқан кезде, сол техникаларды мәдениет қызметкерлеріне жекешелендіріп берді. Соның бірі – бұрынғы Тайпақ ауданы, Жанама ауылының клуб меңгерушісі, жыршы, термеші Көшерғали марқұм. Бұл менің мысалға келтіріп отырған бір адамым, осындай қаншама адамға шапағаты тиді. Филармонияны басқарған кезде, кейін қоюшы режиссер болған кезінде де әртістерге ағасындай мейірімді, қолбасшыдай талап қоя білетін.*

Сайран Дүйсенов, Батыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының басшысы: *Мен Мақсот Константинұлы Омарғалиевты Ақ Жайық өңірінің мәдени кеңістігінде өзінің ойып тұрып орнын алған жаны жайсаң азамат, әділ басшы, ерекше тұлға деп бағалап, құрмет тұттым. Мақсот Константинұлы талғамы жоғары, танымы биік, қолынан келген көмегін ешкімнен аямайтын, өзінен кішілерге қашан да қамқор болып жүретін жан еді. Оны мәдениет саласының мамандары өздеріне ұстаз тұтады. Қазіргі кезде өнер сахнасында жұртшылықтың ілтипатына бөленіп жүрген мәдениет майталмандарын да, кейінгі толқын жастарды да тәрбиелеп, өнердің құдіретін, мәдениеттің мәйегін бойларына сіңіре білген Мәкең болатын. Ол тек ақылшы, бағыт сілтеуші ғана емес, ол керек кезінде турашыл сыншы да, әділ төреші де бола білді. Мінезі тік, адал, өзінің ойын ашық айта білетін. Тағдырдың жазуымен Мәкең ортамыздан кеткенімен, оның қалдырған ізі, игі істері әлі жалғасып келеді. Оның бірге еңбек еткен ұжымы, шәкірттері алған өнегелерін, тәлім-тәжірибелерін жалғастыруда. Оның есімін Ақжайық жұртшылығы, өнерді құрметтеген жандар есінен шығармайды. Халқымыз «Асқар тау алыстаған сайын биіктей түседі» деп бекерге айтпаған. Жыл өткен сайын Мақсот Константинұлының тұлғасы да биіктей бермек.*

Айтқали Жайымов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор: *Мәкеңді қашан көрсең де, жүзінен нұр шашып, кім болса да, өзіне жақын тартып тұратын азамат еді. Мәкең әркімнің қадірін, азаматтығын, өнерін бағалай білетін еді. Оның Батыс Қазақстан мәдениетіне сіңірген еңбегі өте зор. Біз Мәкеңді өз саласының білгір маманы, қабілетті ұйымдастырушы, ел сыйлайтын азамат ретінде әр кез есімізде сақтаймыз.*

Гульсум Кадешова, мәдениет ардагері: *Ярким представителем того времени был Умаргалиев Максут Константинович, талантливый музыкант, с абсолютным слухом, красивым голосом! Мне посчастливилось поработать с этим прекрасным человеком с конца восьмидесятых, и, пожалуй, до конца его дней. Максут Константинович был хорошим семьянином, любил детей, всегда заботился о ближних. После тяжелой потери жены, сына он смог снова создать семью. Мы все хорошо знали Шолпан Куанышкалиевну и были рады их союзу. Мы видели, как он был счастлив, но слишком глубокие были раны... и его не стало. Память о нем будет всегда в наших сердцах.*

Мәлік Құлшар, облыстық мәслихат хатшысы, сыйлас інісі: *Мақсот аға бар өмірін мәдениет саласына арнаған жан еді. Мәдениет саласында қарапайым артистен облыстық мәдениет басқармасы бастығына дейінгі барлық сатыдан өткен Мәкең өз ісінің майталманы еді. Қызмет бабында жауапкершілік, жоғары ұйымдастырушылық, шешімін табуы қиын мәселелерде принципшілдік сияқты қасиеттер Мақсот ағаның бойынан табылатын. Кейбір уақыттарда «қадайлығы» ұстап, өз айтқанынан қайтпайтыны да бар болатын.Мәкең қайраткерлігімен, кішіпейілдігімен, қарапайымдылығымен, парасаттылығымен оны білетін жандардың жадында ұзақ сақталатынына күмәнім жоқ.*

Қанатқали Қожақов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, әріптесі, досы: *Мәкең – біреудің ала жібін аттамайтын таза адам. Қанша жыл басшы болып қызмет атқарғанда, кейбір басшылардай коттедж салып, ұрлап-жырлап өмір сүрген жоқ. Өнерге шын берілген, жеке басында болған қайғылы жағдайларда да сынбай, тағдыр соққыларына мойымаған нағыз азамат еді. Мақсот Константинұлының жарқын бейнесі есімізде ұзақ сақталады. Оның өмір жолы, өткен белестері ұрпақтарына, біз сияқты достары мен әріптестеріне үлгі болады.*

Айман Құатова, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері: *Өнерді өмір бойы өзіне серік еткен Мәкең өмірінің соңына дейін жұмыс атқарды. Сол күні үлкен концертті басқарып жүріп, біздің қасымызға келіп бәрімізбен жылы жүзбен амандасты, қайдан білейік, бізбен ол соңғы рет кездесіп тұр екен ғой, шашын шалқасынан бір сипап, жүгіріп, дыбыс режиссерінің кабинетіне кіріп кетті. Қарап отырсам, қанша қайғыны басынан өткізді. Жолдасынан, баласынан айырылуы, іштегі қайғыны киелі өнермен айырбастаған екен ғой, бізге білдірмей өзін киелі өнермен жұбатып жүр екен. Аққан жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды. Өкінішті!..Алла Тағаланың бұйрығына ешкімнің де әлі келмейді. Артында қалған қыздары Дина, Салтанат, жиен немерелері, жалғыз тұяқ ұлы Бауыржаны, апалары Зауре, Сәуле, тума-туыстары, жолдасы Шолпандар өмірінің жалғасы болып, Бауыржанды үйлендіріп Мақсот інімнің өмірін жалғасын. Жатқан жері жарық болып, жаны жаннатта болғай! Иманы жолдас болғай, рухы ұрпақтарын желеп-жебеп жүрсін!*

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жанар ҚАБДІРАХИМОВА,
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

Үш қоңыр
Директор – Бас редактор
Болат БАТЫР

• Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061 –Г куәлігі берілді.
• (Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414 –Г.10.10.2009 ж.)

• «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 –үй) басылды.

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
• Жарнама мәтініне жарнама берушi жауапты.
• «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

e–mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
Мекен-жайымыз: 040800, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 4
Редакция телефондары:
Алматы қаласы: 8701–981–81–22
Таралымы 10000 дана Тапсырыс 514
Меншік иесі және шығарушы
Болат [illegible]